

Феррохром қожын қайта өндөуге жабдықтар сатып алу туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 1994 жылғы 1 желтоқсан N 1335

Феррохром қожын қайта өндөуге жабдықтар сатып алуды аяқтау мақсатында
Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің 1994 жылғы 7 сәуірдегі N 126
өкімі бойынша республикалық "Қазконтракт" контракт корпорациясының берілімін
азайту есебінен "Феррохром" акционерлік қоғамына /Ақтөбе ферросплав зауыты/ бір
мәртелік рұқсат ету тәртібімен тауар кредитін екі жыл мерзімге мемлекеттік резервтен
босату жолымен ФХ - 006, ФХ - 010 маркалы төменгі көміртекті 3 мың тонна
феррохром берілсін.

2. "Феррохром" акционерлік қоғамы /Ақтөбе ферросплав зауыты/ аталған
материалдық ресурстардың мемлекеттік резервке толық көлемде қайтарылуын және
осы тауар кредитін пайдаланғаны үшін төлем төленуін ескере отырып, Қазақстан
Республикасының Үкіметі берген, көрсетілген тауар кредитін өтеудің шарты мен
мерзімі жөнінде Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен шарт жасасатын

болсын.

3. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жаңындағы
Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі комитет "Феррохром"
акционерлік қоғамына /Ақтөбе ферросплав зауыты/ аталған материалдық
ресурстарды босатуды осы қаулының екінші тармағына сәйкес жасалған
шарт жағдайымен жүргізсін.

Қазақстан Республикасы
Премьер-министрінің
бірінші орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК